Бекітілді

Құлсары қаласы әкімі

_____Қ.Адинов

Қызметтік хат

Құлсары қаласы әкімі аппараты «2024 жылға Құлсары қаласындағы профилактикалық дезинсекциялық (масаларға қарсы) қызмет көрсету» бойынша мемлекеттік сатып алу порталына 2 мәрте жарияланған жөнінде ақпарат.

Ағымдағы жылдың қаңтар айының 15 күні мемлекеттік сатып алу порталына №11252895-1 Құлсары қаласындағы профилактикалық дезинсекциялық (масаларға қарсы) қызмет көрсету жарияланып, 1 ақпан күні өтінім қабылдау аяқталып конкурсқа қатысушы 2 болып анықталды. Конкурсқа тексеру барысында өтінім берушілердің құжаттары Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамаға 7-қосымша сәйкес талаптарына сай келмегендіктен өтінім берушілерге қайта құжаттарын толықтыруға 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік порталмен уақыт берілді. 2024 жылы 16 ақпан күні қорытынды хаттамасы бекітіліп, өтінім берушілер құжаттары талаптарға сай толықтырылмағандықтан конкурс өтпеген болып танылды.

Соған сәйкес, ағымдағы жылдың 27 ақпан күні аталған конкурс мемлекеттік сатып алу порталына №11793007-1 қайта жарияланып наурыз айының 5 күні аяқталып 2 өтінім беруші қатысқаны анықталды. 2024 жылдың 20 наурыз күні Алдын ала рұқсат беру хаттамасы жарияланып Өтінім берушілердің конкурс құжаттары 7-қосымша сай келмейтіні анықталып, 2024 жылдың 28 наурыз күні қорытынды хаттамасы бойынша өтінім берушілер 7-қосымша (қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары) сай келмейтіні анықталып қайта жарияланған конкурс өтпеген болып танылды.

Жоғарыда аталған Құлсары қаласындағы профилактикалық дезинсекциялық (масаларға қарсы) қызмет көрсету 2 мәрте өтпеген болып танылған себебінен ашық конкурс бір көзден, яғни «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы заңының 39-баптың 3 тармағының 42-тармақшасына сәйкес, егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш мың еселенген мөлшерінен аспаса, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар,

кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының осындай біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім беруші анықталсын.

Дайындаған: Н.Даулетова